



“Майдантал” жалпы орта
мектебі КММ-нің

«Өзін - өзі басқару ұйымының»

2021-2022 оқу жылындағы атқарған
жұмыстарының есебі



Мектеп президенті
Бектай Гүлназ 10 «Ә» сынып оқушысы

Мақсаты:

Мектепте өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын алға қою. Мектептегі білім сапасын 80 пайызға, тәртіпті 90 пайызға көтеру.

Міндеті:

- Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін біріктіру*
- Мектептегі тәртіпті қадағалау*
- Оқушыларды барынша мектеп өміріне қатыстыру*
- Саналы, патриот оқушыларды тәрбиелеуге үлесімді қосу*
- Өзіме қойылған міндеттерді орындау*

**Мектептің “Өзін-өзі” басқау ұйымының президентін сайлау
өткізілді.**

Фракциялар жиналысы өткізіліп, жылдық іс –шаралар жоспары құрылды.





Баспасөз және ақпарат фракциясы
Ермахан Шұғыла 10 «А» сынып оқушысы

Мақсаты:

Халықаралық масштабта, республикалық, облыстық, аудандық газет–журналда, галамторда, баспасөзге мектеп өмірінен мақала жариялап отыру.

Міндеті:

Мектеп оқушыларының қабілеті мен талантын шыңдауда, шығармашылық топпен тығыз байланыс жасау. Біріктірілген жобаға серіктестік және қолдаушы іздеу.

“Жас ғасыр – жастар көзімен” үгіт насихат ақпараттау тобының байқауы.
Ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың жаңа ғасыр құрудағы еткен еңбегі, жаңа жасырды
құруда жастардың атқаратын қызметі туралы пікірталас әңгімелесу өткізілді.





Мәдениет және өнер фракциясы
Жолан Назерке 10 «Ә» сынып оқушысы

Мақсаты:

Бағыт бойынша түрлі мәдени іс-шаралар, сыныптан тыс іс-шаралар (әншілер конкурсы, бишілер жарысы, жайдарман, патриоттық әндер кешін, өткізу және оқушылар өнерге бейім оқушылар жайлы мағлұматтар жинау). Оқушыларды өнер мен мәдениет саласына белсенділікпен бейімдеу.


Міндеті:

Мәдени іс-шарамен айналысуды ұнататын оқушылардан топ құру немесе осы салада тәжірибесі бар ата-аналардан топ құру.

1 қыркүйек білім күніне арналған “Кел, балалар оқылық!”



Мәдениет фракциясы ұстаздар күніне орай мерекелік іс шара өткізді.



“Ақиық ақын – Мұқағали” атты жыр кеші өтті



“Бірлігіміз жарасқан” сайысы



8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне және 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай концерттік бағдарламалар өткізілді.





Спорт және денсаулық фракциясы
Темірхан Алан 9 «А» сынып оқушысы

Мақсаты:

Оқушылардың денсаулықтарына бақылау жасау, кеңес беру.

Оқушыларды спортпен белсенді шұғылдануға баулу.


Міндеті:

Құрамына спорт пен медицинаға икемді оқушыларды баулып медицина саласында қызмет жасайтын ата-аналар мен байырғы спортшыларды жинақтау.

Мектебімізде түрлі спорттық іс шаралар ұйымдастырылды сонымен қатар оқушылардың аймақтық, аудандық жарыстардан жүлделі орындармен оралуы үшін спорт министрі дайындық шараларына атсалысты.



Жеңіс Берікқарамен кездесу





Құқық және тәртіп фракциясы
Аблаш Қожахмет 10 «А» сынып оқушысы

Мақсаты:

Үзіліс уақытында және мектепшілік іс –шараларда оқушылар арасындағы қоғамдық тәртіпті сақтау.

Мектеп жарғысындағы мектеп мүлкін бұзбау және ұрламау, дөрекі сөздерге және басқа да бұзығышылыққа жол бермеу.


Міндеті:

Топтарды полицияда қызмет студі ұнататын, мектептің тәртіп ережелерін жиі бұзатын, және профилактика кеңесінде есепте тұрған оқушылармен тығыз байланыс жасау.

Құқық фракциясы мектеп мұғалімдері мен психологтарымен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алу, нашакорлыққа қарсымыз тақырыптарында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, пікірталас, әңгімелесу өткізді.



Тәуелсіздік күніне орай іс шаралар өткізілді. “Жас Ұлан”
“Жас қыран” ұйымына қабылдау іс шаралары өткізілді.



“Ауған соғысы” ардагерлерімен кездесу өткізілді





“Нағыз қазақ жігіті” сайысы





Білім фракциясы

Бектемір Айдана 10 «А» сынып оқушысы

Мақсаты- мектеп білім алушыларының білім алуға, оқуға, ізденіске деген қызығушылығын арттыру. Білім алушыны сауатты, білімді, ізденпаз, саналыда-салиқалы болуға дағдыландыру. Білім сапасын, тәрбие бағытын арттыру. Жасөспірімдерге ұлттық тәрбиені насихаттау.

Білім және мәдениет фракциялары бірлесе отырып, Тұңғыш президент күніне орай мерекелік іс шара ұйымдастырды.





Қайырымдылық фракциясы

Әмір Нұрсұлтан 10 «А» сынып оқушысы

Мақсаты- мектеп білім алушыларының білім алуға, оқуға, ізденіске деген қызығушылығын арттыру. Білім алушыны сауатты, білімді, ізденпаз, саналыда-салиқалы болуға дағдыландыру. Білім сапасын, тәрбие бағытын арттыру. Жасөспірімдерге ұлттық тәрбиені насихаттау.

Қайырымдылық фракциясы қарттарымызға қамқор болу оларды қуантып жүру мақсатында алғыс айту күніне орай мерекелік іс ара өткізді.

Ауылымыздың қарттарына үнемі барып көмек беріп тұрады. Сонымен қатар мектебіміздегі аз қамтылған, көп балалы отбасыдан шыққан оқушыларға қолдау білдіріп отырады.



“Алғысымыз шексіз” алғыс айту күніне арналған іс шара





Өзін-өзі тану, бақыт фракциясы



Өтеген Жанерке - 10 "А" сынып оқушысы

Мақсаты: оқушыларды сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа дағдыландыру.

Мектептегі көңілді атмосфераны қалыптастыру

Міндеттер: оқушыларды сыйластықты насихаттайтын іс шараларды өткізу.

Оқушылар арасында сыйластық пен татулық алғыс айту қасиеттерін арттыру мақсатында алғыс айту күнінде алғыс айту жәшігі құрылды. Сонымен қатар сүйіспеншілік пен шығармашылық онкүндігі өткізілді.



Еріктілер тобының ауыл әжелерімен кездесуі





Экология фракциясы

Асан Ырысхан – 10 “Ә” сынып оқушысы

Мақсаты: Оқушыларды табиғатқа қамқор болуға, экологияны сақтауға дағдыландыру.

Мақсаты: Табиғатты қорғауға байланысты іс шараларды ұйымдастыру.

Экология фракциясы күздік өнімдермен көрме, сурет байқаулары, күз аруы байқауын өткізді.



“Туған жердің табиғаты” тақырыбында сайыс сабақтары ұйымдастырылды.

